www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERYBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
№46 /sársenbi/ 09 qaraşa

## ҚАЛА БАСШЫСЫ КЕЗЕКТІ БІРЫҢҒАЙ ҚАБЫЛДАУЫН ӨТКІЗДІ



*Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов қала халқын жеке мәселелері бойынша кезекті бірыңғай қабылдауын өткізді.*

Жалпы 250 - ден астам азаматты қала әкімі және салага жауапты әкім орынбасарлары, басқарма басшылары, Шымкент қаласының прокуратура және қалалық полиция департаменті қызметкерлері, мемлекеттік орган өкілдері қабылдап, арыз-шагымдарын тыңдады.

Әртүрлі себептермен қиын жагдайларга тап болып, жәрдем сұрап келгендердің тізімі алынып, шешім жолдары қаралды.

Тұргындар тарапынан жер телімдерін заңдастыру, жер телімдерінің нысаналы мақсатын ауыстыру, тұргын үйге кезекке тұру, баспананы жалга алу, бизнес бастауга грант алу мүмкіндігі, арнайы әлеуметтік көмек түрлеріне жазылу, жылыту маусымындагы жылу жүйелерінің сапасы секілді басқа да өзекті мәселелері көтерілді. Денсаулық саласы мен білім беру мекемелеріне жұмысқа тұру жөнінде де сұрақтар аз болган жоқ.

Барлыгының шешілу жолы заң шеңберінде қаралып, мәселелер тиісті сала мамандарының талқылауымен жан-жақты саралана отырып хаттамага енгізілді.

Өзектілігін жоймаган тұргын үй кезегі мен жер телімін заңдастыру мәселесін қозгап келген тұргындарга шешім реті мен заңдылыгы түсіндірілді.

Естеріңізге салайық, қала әкімінің азаматтарды бірыңгай қабылдауы жүйелі түрде, әр айдың алгашқы сәрсенбісінде өтуде.

Дәл осы сәтте Шымкент қалалық прокуратурасының прокурорлары да арнайы ашық есік күнін ұйымдастырып, "Заңдылық керуені" акциясы аясында жеке қабылдауга келген тұргындар сұрагына тұщымды жауаптар беріп, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

**Арайлым ӘБСАҒАТ.**



## ИНВЕСТОРЛАР ЕКІ ЗАУЫТ САЛУҒА НИЕТТІ

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды «Sembol Construction» компаниясының қаржы жөніндегі Атқарушы Кеңесінің мүшесі Октай Горгулмен кездесті. Аталган компания Түркістанга кезекті инвестициясын салып, ауқымды жобаларды жүзеге асырмақ. Атап айтсақ, өңірде кабель және керамикалық өнімдер мен сантехника шыгаратын зауыт ашуга ниетті. Облыс әкімі инвестициялық жобаларга әрдайым қолдау көрсетілетінін жеткізді.

— Сіздер ұсынып отырган жобалар біз үшін өте маңызды. Инвестиция құямын дейтін компанияларга, азаматтарга қолдау көрсетуге әрқашан дайынбыз. Жобаларды іске асыруга арналган инфрақұрылым бойынша сұраныстарыңызды толық орындаймыз. Арнайы экономикалық аймақтан жер, инфрақұрылым ұсынамыз. Қазақстан-Түркия ынтымақтастыгының Түркістан облысының дамуында ерекше маңызы бар екенін атап өткім келеді. Түркістан — қасиетті шаһар. Қасиетті қалада айтылган уәделер, сөздер орындалуы керек. Әріптестігіміз ныгайып, жобалар жүзеге асады деп сенемін, — деді Дархан Сатыбалды.

Октай Горгул Түркістан қаласын аралап көргенін, серіктестерімен бірге зерттей келе қалага инвестиция салу жөнінде шешімге келгендерін айтты.

— Біз ұсынып отырган екі жоба жүзеге асса, өңір экономикасына оң серпін береді деп ойлаймын. Бірінші жобамыз — кабель шыгаратын зауыт. Оның инвестициялық құны — 84 млн АҚШ доллары. Кабель өнімдері мен түрлері шыгарылатын зауытта түркістандықтар жұмыспен қамтылады. Жылына 12 мың тонна өнім шыгарамыз деген жоспар бар. Екінші жоба — керамика өнімдері мен сантехника шыгаратын зауыт. Зауыттың жылдық қуаттылыгы — 6 млн шаршы метр. Инвестициялық құны — 150 млн АҚШ доллары. Зауыт салу жұмыстарымен осы салада тәжірибесі бар түркиялық компаниялар айналысады, — деді түркиялық инвестор.

Керамикалық өнімдер шыгаратын зауытта Италияның құрылгылары орнатылмақ. Аталган зауыттарда 1000-га жуық жұмыс орны ашылмақ.

**Баглан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ.**

## Мақта КЛАСТЕРІНЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУҒА КҮШ САЛЫНАДЫ

Түркістан облысында туындаган мақта багасына қатысты мәселені шешу мақсатында Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды мақта зауыттарының басшыларымен және диқандармен кездесті. Басқосуга өңірдегі микроқаржы ұйымдарының басшылары да қатысты. Облыс басшысы шаруалардың уәжін жеткізіп, мақта багасын шұгыл түрде белгілеу керектігін айтты.



Басқосуда қазіргі таңдагы өзекті мәселе — мақтаның нақты багасын белгілеу, агроқұрылымдарга техникалық дақылдың тек шикізат күйінде экспортталуына байланысты багасының шетелдік трейдерлік компанияларга тәуелді екендігі, мәселені тиімді шешу үшін және шетелдік трейдерлік компаниялардан тәуелсіз жұмыс істеу мақсатында өңірде мақта кластерін дамытуды қолга алу қажет екендігі кеңінен талқыланды.

Облыс әкімінің тапсырмасымен Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ермек Кенжеханұлының төрагалыгымен

Жетісайда алқалы жиын өтті. Оган облыстық мәслихат депутаттары Жарқынбек Қанаев, Нұралы Әбішов пен Тимур Қырықбаев, Жетісай ауданының әкімі Мұрат Қадырбек пен Мақтаарал ауданының әкімі Бақыт Асанов, өңірдегі барлық мақта зауыттарының басшылары мен микроқаржы ұйымдарының басшылары, қос ауданның мақта өсірумен айналысатын диқандары қатысты.

Мақта шаруашылыгымен айналысатын аудандарда диқандар шетелдік трейдерлік компанияларга тәуелді екендігі жасырын емес. Бұл мәселе жылда қайталануда. Басқосудың мақсаты - осы саладагы барлық проблеманы талқылап, қорытынды жасап мақтаның нақты багасын белгілеу.

Шитті мақтаның зауыттарга өткізу багасы әлемдік нарықтагы мақта талшыгының багасына тікелей тәуелді болгандықтан халықаралық Ливерпуль мақта биржасының индексіне сәйкес белгіленеді. Бүгінгі күнге халықаралық Ливерпуль биржасында орта талшықты мақта багасының 1 келісі болжаммен 230 теңгені құрап отыргандыгы айтылды.

Жиын барысында шаруалар мен мақта зауыттарының басшылары мақтаның келісіне 250 теңгеден есеп айыруга, ал, сақтауга қойган шаруаларга ақпан айында сол кездегі багамен айырмашылыгын төлеу жөнінде қорытындыланды.

«Ырыс» МКҰ, екінші деңгейлі банктер арқылы жеңілдетілген ұзақ мерзімді үлкен көлемдегі несие беруді, оны алу жұмыстарын оңтайландыру мәселелерін қарастыру керектігі айтылды.

**Жомарт БЕГІМБЕТ.**

## «ҚАПЛАНБЕК» БЕКЕТІ ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ МАҚСАТЫНДА ЖАБЫЛАДЫ

Желтоқсаннан бастап Өзбекстанмен шекарадагы «Қапланбек» өткізу бекеті жабылады.

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының үкіметтері бекіткен екі ел шекарасындагы өткізу пункттерін реконструкциялау және жаңгырту жөніндегі Жол картасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті мен Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік Кедендік бақылау комитетінің кездесуі аясында тараптар биылгы 1 желтоқсаннан бастап «Қапланбек» — «Зангиота» өткізу бекеттерін қайта құру кезеңінде толық жабуга уагдаласқан.

«Қайта құру қорытындысы бойынша 2-ден 6 жолаққа дейін кеңейту жүргізіледі, «Қапланбек» өткізу пунктінің өткізу қабілеті тәулігіне 200-ден 1000 көлік құралына дейін ұлгайтылады, шекарадан өту уақыты 25 минутқа дейін қысқарады.

Бұдан басқа, көлік құралдарының тоқтаусыз қозгалысы үшін Техникалық бақылаудың бірыңгай өтпелі автоматтандырылган дәліздерін пайдалану жолымен өткізу пунктінде көлік құралдарының қозгалысының барлық циклін автоматтандыру жоспарлануда, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауга мүмкіндік береді», - деп жазды Мемлекеттік кірістер комитетінен.

Өз кезегінде, Мемлекеттік кірістер комитеті Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерді және ірі тасымалдаушыларды көлік құралдары мен жеке тұлгалардың агынын шекараның осы учаскесіндегі басқа «Қазыгүрт», «Жібек жолы», «Б.Қонысбаев», «Атамекен», «Сырдария» және «Целинный» өткізу пункттеріне Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындагы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі Жол картасына сәйкес қайта бөлу жөнінде ақпараттандыру жұмыстарын жүргізді.

**Мақсат ТОҚСАНБАЙ.**

# ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР



Қаладағы әлеуметтік инфрақұрылым жұмыстары өз жалғасын табуда. Қалаға кейінен қосылған елді мекендер бүгінде толықтай заман талабына сай инфрқұрылым жүйелерімен қамтылуда. Қала аумағында жасалынып жатқан жұмыстармен егжей-тегжейлі танысу мақсатында шаһар басшысы танысты.

Абай ауданына қарасты Батыс шағын ауданында инженерлік инфрақұрылым жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Елді мекен 2021 жылғы жұмыстар нәтижесінде толық ауыз сумен қамтылған.

Қазіргі уақытта тұрғындарды сапалы электр қуатымен қамтамасыз ету мақсатында мердігер мекеме тарапынан біршама жұмыстар атқарылуда. Жобаның техникалық сипаттамасына сәйкес жалпы жұмыс көлемінің 55 %-ы аяқталған. 2023 жылы құрылыс жұмыстарын толық аяқтап, пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

— Елді мекенде жалпы ұзындығы 37 шақырым болатын газ құбыры тартылып, табиғи газбен қамту жұмыстары 100 %-ға аяқталған. Бүгінгі таңда тұрғын үйлердің газ тарту дайындығын тексеру жұмыстары жүргізілуде,-деді басқарма басшысы Б.Булатбеков.

Шаһар басшысы сала мамандарына жобаны сапалы әрі уақытылы аяқтауды тапсырды.

Қала әкімі Мұрат Әйтенов қала аумағындағы сапалы электр қуатымен қамтамасыз ету жұмыстарын да тексерді.

Қаратау ауданына қарасты Достық мөлтек ауданын сапалы электр қуатымен қамту құрылысы 2022 жылдың тамыз айында басталған болатын.

Құрылыс жұмысы барысында 1206 электр бағанасы мен трансформатор орнатылып, 47 шақырымнан астам электр желісі тартылды. Тұрғындардың сұранысы бойынша, қосымша жобадан тыс көше бойына әр 3 үйге бір электр бағанасы орнатылуда.

Елді мекен тұрғындары электр энергиясына әр киловатына 25-30 теңгеден төлеп келген. Алдағы уақытта абоненттеу жұмыстары толық аяқталып, тариф құны 17,9 теңгені құрайтын болады.

Айта кетейік, мердігер мекеме есебінен электр энергиясы тұрғын үйдің алдына дейін жеткізіледі. Әрі қарай кабельді қауіпсіздік талаптарына сәйкестендіріп, тұрғындар өз есебінен жүргізетін болады.

Қазіргі уақытта абоненттеу жүргізілуде. Жұмыс толық аяқталған соң Достық мөлтек ауданындағы 2686 үй сапалы электр қуатымен қамтылатын болады.

Бұл туралы шаһар басшысының инженерлік инфрақұрылым жұмыстарын қадағалауы барысында баяндалды.

Ал, Қайнарбұлақта инфрақұрылым мәселес 2023 жылы толықтай өз шешімін табады.

Аумақта атқарылып жатқан жұмыс сапасын кезекті рет тексеріп шыққан әкім Мұрат Әйтенов: "Ескертулер еленбей қалмауы керек. Бірінші кезекте сапаға жіті мән береміз, ал нысандардың мерзімінен кешіктірілмей пайдалануға берілуі - негізгі шарт",- деді, қала әкімі тиісті сала басшыларына тапсырма жүктеді.

Қайнарбұлақ тұрғын алабын ауыз сумен қамту құрылысы жоспарға сай кезең кезеңімен жүзеге асуда.

Ауыз су жүйелерінің жалпы ұзындығы 329,8 шақырымды құрайды. Бүгінгі таңда 30%-ы тартылған. Жоспар бойынша құрылыс жұмыстары 2023 жылы аяқталады.

Ал табиғи газбен қамту құрылысы II кезең бойынша жүргізілуде. I кезең бойынша жалпы жұмыс көлемінің 25%-ы аяқталған. II кезеңнің де құрылыс жұмыстары қарқынды. Газ - тұрғындар игілігіне келесі жылы берілмек.

Сондай-ақ елді мекенді сапалы электр қуатымен қамту бойынша да жұмыстар жүргізілуде. Электр жүйелерінің жалпы ұзындығы 68, 6 шақырымды құрайды. Бүгінде оның 40%-ы аяқталды. 2023 жылдың алғашқы жарты жылдығына дейін жергілікті халық сапалы электр жарығын тұтынатын болады.

Оған қоса, көшелерді жарықтандыру мәселесі де рет-ретімен шешілуде.

Биыл Степная, Бөлешов, №125 мектеп орналасқан көшелер жарықтандырылса, келесі жылы Дружба, Фабричная, Металлург, Заводская көшелері жарықтандырылатын болады.

# ОРТАЛЫҚ АВТОБУС МАРШРУТЫН БАҚЫЛАЙДЫ

Шымкент қаласы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына қарасты "Диспетчерлік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2020 жылғы 6 наурызда құрылған.

Мекеме құрылғаннан бастап қаладағы жолаушылар тасымалының инфрақұрылымындағы жаңарту мен күрделі өзгерістерге байланысты қалалық маршруттардың қозғалысының жобалары және жүру сызбалары дайындаумен айналысады. Қаладағы жол саласындағы ауқымды құрылыстардың масштабын ескере отыра, осы күнге дейін 1000-ға жуық маршрут қозғалысының кестелері құрылған.

Жалпы, мемлекеттік мекеме қызметінің мәні шаһардағы қоғамдық көліктерге диспетчерлік қызмет көрсету, кестені сақталуын үздіксіз бақылау және маршруттар бойынша автобустардың және шағын автобустардың қалаларда, қала маңындағы үздіксіз және тұрақты қозғалысың қамтамасыз ету үшін жедел реттеу, сондай-ақ технологиялық процестегі көліктің барлық түрлерімен жолаушылар тасымалдауды үйлестіру болып табылады.

Аталған мекеменің тағы бір қызметі, ол - диспетчерлік бақылау жұмыстары толық автоматты басқару жүйесі арқылы іске асырылады. Операторлар қоғамдық коліктерде орнатылған GPS-құрылғылар арқылы нақты уақыт режимде үздіксіз берілетін ақпарат арқылы көліктердің бекітілген сызба бойынша жүруін, сызбадан тыс шығуы, GPS-құрылғыларының дұрыс жұмыс жасамауы секілді жағдайларды бақылайды. Егер автобус жүргізушісі жол ережесін бұзған жағдайда, Диспетчерлік қызмет орталығы тарапынан басқармамен бірлесе қатаң шара қолданылады. Бұл қоғамдық көлік саласының жолаушыларды тасымалдау қызметін жақсарту мақсатында жасалып жатқан шаралар.

# 472 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛАДЫ

**Ең маңызды әлеуметтік мәселенің бірі – тұрғын үймен қамтамасыз ету. Халықтың қажетіне қарай мемлекет тарапынан көптеген бағдарламалар қабылданды. Соның бірі-«Бақытты отбасы» бағдарламасы.**

**«Бақытты отбасы» бағдарламасына 20-маусым мен 19-шілде аралығында өтініш қабылдау басталған болатын. Ол бойынша көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған және толық емес жанұялар қатысқан болатын.**

**2022 жылы «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша 5 мыңнан астам отбасыға несие беру жоспарланған. Бағдарламаға қатысушыларға бөлінген лимиттерді бөлу кезінде басымдық — мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға берілетінін «Отбасы банк» АҚ айтқан болатын.**

**Жаз мезгілінде қабылдау басталған «Бақытты отбасы» бағдарламасының нәтижесі baspana.kz маркетінде азаматтардың жеке кабинетіне шықты. Отбасы банкі жариялаған ақпараттарға сәйкес қатысушылардың төлем қабілеттігін бағалау ағымдағы жылдың 07-30 қараша аралығында жүргізіліп, азаматтардың тұрғын үйді таңдау кезеңі ағымдағы жылдың 8 желтоқсанынан басталады. Іріктеу мерзімі аяқталған соң банк іректеуге арналған құжаттарды қабылдамайды. Аталған тұрғын үйлер Шымкент қаласының Арғынбеков және Тұран шағын аудандарында орналасқан.**

**2022 жылы Шымкент қаласына «Бақытты отбасы 2-10-20» бағыты бойынша жалпы саны 472 отбасына, оның ішінде көпбалалы отбасылар - 245 , мүгедек бала асыраушы отбасылар - 187, толық емес отбасыларға - 40 лимит бөлінді. Енді «Бақытты отбасы» бағдарламасының қатысушылары таза әрлеудегі әкімдіктің тапсырысымен салынған үйлерді алады. Әлеуметтік тұрғын үй 3-4 жайлылық класына сәйкес келеді. Шымкенттік отбасыларды шаттыққа бөлеген «Бақытты отбасының» ең үлкен пәтерінің ауданы 80 шаршы метрге дейін қарастырылған.**

**Аталған бағдарламаның шарты бойынша: қатысушыларды іріктеу кезінде азаматтардың кірісі тексеріледі, соңғы алты айда отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы табыс ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен аспауы керек. Бағдарлама аясында жергілікті әкімдік арқылы салынған кредиттік тұрғын үйді, жаңа және қолданыстағы пәтерлерді, сондай-ақ жер үй де сатып алуға болады.**

**Отбасы банктің ақпаратынша, бүгінде "Бақытты отбасы" бағдарламасының арқасында 14 500 қазақстандық отбасы қоныс тойын тойлаған.**

# ШЫМКЕНТТІК ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕР БАЛАЛАРДЫ ҚҰТҚАРДЫ

**Өрт сөндірушілер әрдайым көмекке дайын. Олар адам өмірі мен оның материалдық құндылығын түрлі жағдайлардан құтқаруды өз міндеті деп білетін батыл жандар. Мұны Шымкенттік өрт сөндірушілер балалардың өмірін құтқарып қалып, тағы да дәлелдей білді. Бұл оқиға 2022 жылғы 25 қазан сағат 12:10-да Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Төменгі отырар шағын ауданында орын алды. №12 тұрғын үйдің төртінші қабатында орналасқан пәтерлердің жатын бөлмесінде көлемі 6 ш.м. жиһазы жанды. Өрт сағат 12:30-да оқшауланып, сағат 12:39-да толығымен сөндірілді. №5 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы азаматтық қорғау аға лейтенанты Қ. Балабеков және аға өрт сөндіруші азаматтық қорғау сержанты О. Жамалбеков адамдарды қауіпсіз аймаққа шығару мақсатында басқа да қабаттарды барлау жұмыстарын жүргізу барысында 5-ші қабаттағы пәтерлердің бірінен түтінге уланып қалған 2006 жылғы қыз баланы және 2014 жылғы ер баланы анықтап, пәтерден алып шығып, астыңғы қабаттағы әріптестеріне табыстайды. Балалар одан әрі апаттар медициналық орталығының қызметкерлеріне тапсырылып, оларға алғашқы медициналық көмек көрсетілді. Осылайша жедел әрекет етудің арқасында өрт сөндірушілер екі баланың өмірін құтқарып қалды. Өртті сөндіруге 4 өрт сөндіру техникасы, жеке құрамнан 14 адам, апаттар медициналық орталығының қызметкерлері жұмылдырылды. Балалардың ата-анасы Шымкент қаласы ТЖД бастығының атына алғыс хат жазып, өздерінің алғыстарын білдірді. Құтқарылған адамдар-еңбегінің жемісі деп білетін өрт сөндірушілер үшін бұл үлкен мәртебе! Бала - біздің болашағымыз! Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету - біздің міндетіміз! Сондықтан да құрметті ата-аналар! Балалардың қауіпсіздігіне жете назар аударыңыздар!**

**А. ТОЛТАЕВ,**
*Шымкент қаласы ТЖД рт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің бастығы азаматтық қорғау полковнигі*

Бетті дайындаған: Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

# ТҰРҒЫНДАРҒА ЖАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛУДА



Ақпараттық-коммуникациялық орталығында Шымкент қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасының басшысы Нұрдәулет Құрбанбекұлы басқарма тарапынан 2022 жылдың 9 айында атқарған жұмыстары туралы брифингте баяндады.

— Бүгінгі күні қала аумағындағы көпқабатты тұрғын үйлердің саны - 2 236. Басқару нысанын тіркеуге жататын тұрғын үйлер - 1 823, қала бойынша мүліктің меншік иелері бірлестіктері (МИБ) - 124, жай серіктестік (ЖС) - 1 699, басқару нысанын жалпы тіркелген - 1 823. Қала бойынша тіркелген басқару объектілері 100%-ды құрайды, - деді спикер.

Спикердің мәлімдеуінше, тұрғын үй коммуналдық саласының қызметін оңтайландыру және тұрғын үй қорын сақтау мақсатында Шымкент қаласы бойынша бекітілген Заң талаптарына сәйкес, кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері 27,3 теңге болып бекітілген.

Қазіргі қолданыстағы ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңына сәйкес Үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің кооперативтері, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің тұтыну кооперативтері, тұтыну кооперативтері үшін 2023 жылғы 1 шілдеге дейін өз қолданысын сақтайды.

Сонымен қатар, ҚР Индустрия және инфрақұрылым даму министрлігінің тапсырмасына сәйкес, Республикалық «Е-Шаңырақ» ақпараттық жүйесіне көппәтерлі тұрғын үйлердің техникалық паспорттарының деректерін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Нұрдәулет Құрбанбекұлы, брифинг барысында қаладағы лифт мәселесіне де тоқталды.

— Қаладағы жалпы лифтілер саны - 685. Оның ішінде: тұрғын үйлерде орнатылған лифтілер - 561, денсаулық сақтау мекемелерінде - 51, білім беру басқармасына қарасты мектептерде - 23, қоғамдық орындар мен сауда орталықтарында және қонақ үйлерде - 50.

Айта кетейік, ҚР «Азаматтық қорғау» Заңының талаптарын орындалуын қамтамасыз ету мақсатында жыл басынан сексен сегіз лифтіге комиссиялық сынақтар өткізіліп, он тоғыз лифт тіркеуге қойылды. Қазіргі уақытта жүк көтергіш құралдарын тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет реестріне енгізіліп, электронды түрде «Egov.kz» порталына қосылған. Осы құралдарды пайдаланудағы қызмет көрсетуші мекемелермен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, қауіпсіздік шараларының алдын алу мақсатында және лифтілерге қызмет көрсетуші мекемелердің қызметінің жауапкершілігін арттыру үшін « iKomek 109» бірыңғай байланыс орталығымен интеграцияланған.

Сондай-ақ, спикердің мәлімдеуінше, қауіпсіздік шарасын сақтамаудың салдарынан болатын төтенше жағдайдың бірі — жылыту маусымындағы газ жүйесі. Шымкент қаласында қазанның 20-нан бастап жылу беру жұмысы басталып кетті. Осы орайда қараша халықтың амандығы жауапты сала мамандарының жіті назарында. Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасының басшысы Нұрдәулет Құрбанбекұлы жылыту маусымында газ қолдануға қатысты оқыс оқиғалардың алдын алу жұмыстары тұрақты назарға алынып, профилактикалық шаралардың басталғанын айтады. Аталған профилактикалық жұмыстың мақсаты — қала тұрғындарының өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін газдың салдарынан орын алатын оқыс оқиғалардың алдын-алу және жауапкершілікті арттыру. неркәсіптік қауіпсіздік комитетінің сайтында Шымкент қаласында тіркелген 29 компания үй ішілік газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуге тиісті аттестат алған. Талдау жұмыстарының нәтижесінде бүгінгі таңда шаһарда 13 компания қызмет атқаратындығы белгілі болды. Ал, түтіндік мұржаларын және желдеткіш арналарын тазалайтын 7 мекеме бар. Үй ішілік газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуге тиісті шарт жасалуын цифрландыру мақсатында, «I-Shymkent» порталына 13 компанияның тиісті мәліметтері енгізіліп, іске қосылды. Аталған бағдарлама арқылы үй-ішілік газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуге келісім шартты электронды түрде жасауға мүмкіндік бар. Тұрғындар қызмет көрсететін мекемені өздері таңдапяонлайн түрде келісім-шарт жасай алады. Газды тұрмыста қауіпсіз пайдалану — адам өмірі үшін аса маңызды. Алайда, көгілдір отынды пайдаланушылардың барлығы дерлік техникалық қауіпсіздік шараларын сақтай бермейді. Мұндай салғырттықтың соңы қайғылы жағдаймен аяқталуы әбден мүмкін. Мамандар дабыл қағып, қадағалау шарасын өткізгенімен, үй иелері үнемі сақ жүруі керек. Апат — айтып келмейді.

Сондықтан, тұрғындар өздерінің жеке басының қауіпсіздігі үшін қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, төтенше жағдай орын алған жағдайда жасайтын алғашқы шараларды білуі керек. Газбен улану фактілері адамдардың көз жұмуына апарып соқтыратынын ескерсек, жылыту пештерін құру және оны пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелеріне барынша назар аудару маңызды.

Адам ағзасын улайтын газдың иісі болмайды, сондықтан оны адам сезбей қалады. Тек ауа құрамында газдың шамадан тыс көбейіп кеткенін адамдар басы ауырып, әлсірегенде барып сезінеді. Мұндай кезде адам сол заматта таза ауаға шықпаса естен танып қалады да, жарты сағаттан кейін жүрегі тоқтайды.

Шымкент қаласының аумағында әлеуметтік инфрақұрылымға жататын газ тарату жүйелерінің объектілері бар ұйымның келісімінсіз газ құбырларының күзет аймақтарын бүлдірген 12 жеке және заңды тұлғаларға ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 305-бабына сәйкес (95 АЕК- 290 985 теңге) айыппұл салынған.

Сондай-ақ, қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы қаладағы 259 құрылыс объектілері бойынша 629 хаттама толтырып, азаматтарды әкімшілік жауапкершілікке тартқан.

Миллионнан аса тұрғыны бар шымшаһар аумағында 983 құрылыс объектілерінің құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде: 794 құрылыс объектілерінің құрылыс процесіне қойылатын негізгі талаптары орындалған. Ал, 189 құрылыс объектілерінің құрылыс процесіне қойылатын негізгі талаптары орындалмаған. Себебі, атқарушы техникалық құжаттары жоқ. Басқармамен ағымдағы жылы жалпы 259 құрылыс объектілері бойынша 629 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтырылып, әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

«Құрылыс сапасына қатысты 70 құрылыс объектілері бойынша 93 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтырылып, әкімшілік жауапкершілікке тартылды», - дейді Нұрдәулет Құрбанбекұлы.

Басқарма тарапынан басталған мұндай жүйелі жұмыстар аудандарда да жүріп жатыр. Заңсыз құрылыстарға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтырылып, әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Заңсыз құрылысқа қатысты 13 нысан бойынша сот шешімі шыққан. Оның ішінде сегіз құрылыс нысаны бойынша мәжбүрлеп бұзылу орындалған. Қалған бес нысандарды мәжбүрлеп бұзу бойынша Шымкент қаласының Әділет департаментінің атқарушылық құжаттары орындау жөніндегі бөлімінде қаралуда. Қазіргі таңда заңсыз құрылыстарды анықтау және алдын алу бойынша 2 кезеңінде аудан әкімдіктерімен бірлесіп қала аумағын аралау барысында қосымша тоқсан сегіз құрылыс нысандары анықталды.

Сонымен қатар, заңсыз құрылыстарды анықтау және алдын алу жұмыстарын оңтайландыру бойынша қолданыстағы Заң талаптарын бұзған қала аумағындағы заңсыз және техникалық атқарушы құжаттарсыз салынып жатқан құрылыс нысандарын оңтайлы анықтау басталды. «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне сәйкес, толтырылған әкімшілік хаттамаларындағы тұрақты енгізілуі бойынша жұмыстар жүргізілуде.

**Арайлым ӘБСАҒАТ.**

# АЛҒАШ РЕТ БҮЙРЕККЕ АШЫҚ ТҮРДЕ ОТА ЖАСАЛДЫ

Денсаулық — әрбір адамзат үшін баға жетпес құндылық. Дені сау адам тек өзіне ғана емес отбасына, ортасына, қала берді мемлекетке көп көмегін тигізеді. Денсаулық — адам өмірінің маңызды құрамдастарының бірі. Адамның денсаулығы оның өмір салтына тікелей байланысты. Қазіргі әлемде белсенді өмір салты трендке айналып отыр. Бұл өте жақсы. Салауатты өмір салтының нәтижесі — әдемі дене ғана емес, сонымен қатар дені сау дене. Осының бәрінің құнын ауыр сырқаттанып, ауруханада көп жатқандар біледі. Себебі, салауатты өмір салтын сақтап жүргеннің өзінде айықпас дертке душар болып жатқан адамдар қаншама? Соның бірі - шымкенттік 16 жастағы жасөспірім. Жастайынан бүйрегінде кінәраты бар бала ұзақ жылдар дендеген дерттен әбден қажыған. Дегенмен алтын қолды ақ халаттылардың көмегімен жуырда өмірге жаңа келгендей айығып отыр. Тарқатып айтар болсақ, шымкенттік дәрігерлер тумасынан ауыр дертке шалдыққан 16 жастағы жасөспірімге ашық әдіспен күрделі ота жасап, бүйрегін сақтап қалды.



Қалалық клиникалық балалар ауруханасының базасында мұндай отаны хирургтар алғаш рет жасап, оң нәтижеге қол жеткізіп отыр.

Науқастың операциядан кейінгі жағдайы жақсы, оны дәрігерлер күнделікті тексеріп, бақылауда.

«Түскен кездегі баламның жағдайы ауыр еді, бет-аузы ісken. Оған «гидронефроз» диагнозы қойылды. Ақ халаттылар дереу операцияға алып, баламды аман алып қалды. Дәрігерлерге айтар алғысым шексіз»,-дейді науқастың анасы Марғуба Ергешова.

Пациентті толық тексеріп шыққан мамандар күрделі ота жасап, зәр шығаратын аумағындағы кеңейіп кеткен астаушаларын пластикалық жолмен емдеген.

Шымкент қалалық клиникалық балалар ауруханасының дәрігер-хирургі Қайрат Ізбасов астаушасына ота жасалған баланың бүйрегін осылайша сақтап қалғанын айтады. “Бүйректің қызметі 70-80 пайызға жақсарды. Бұл ота жалпы наркозбен, ашық түрде жасалады. Зәр шығару жолын жеңілдеттік. Алдағы апта ауруханадан үйіне шығарылады»-дейді ол.

Айта кетейік, қалалық клиникалық балалар аурухана дәрігерлері арнайы оқытудан өткен, соған орай арнайы урологиялық төсек орындар да ашылды.

Біздің денсаулығымыз өз қолымызда. Бұл - адам өмірінің негізгі қағидасы болып табылады. Ата-ана баласын бала кезінен дұрыс өмір сүруге үйретуі керек. Өйткені, біздің барлық негізгі ережелеріміз балалық шақтан бастау алады, өйткені ересек жаста кейбір ұғымдарға үйрену әлдеқайда қиын. Дұрыс тамақтану, спортпен айналысу, жаман әдеттерден бас тарту және дұрыс күн тәртібі - күшті дененің кепілі. Жақында салауатты өмір салтын ұстану өте танымал болды, сондықтан бұл мәселе - XXI ғасырда әсіресе өзекті.

# ЕЛ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН АСЫЛ АЗАМАТ ЕДІ...

«Қайрат Шерәліұлы Беркінбаевтың кенеттен жүрек соғуы тоқтап, өмірден озды»-деген суыт хабар қазақстандықтарға, оның ішінде жерлестеріме ауыр тиді. Ол- Созақ ауданының тумасы еді. Елін, туған жерін сүйетін абзал азамат туып-өскен «Қызылкөл» ауылында мектеп пен «Қайрат» атты балабақшаны өз қаражатына салып, мемлекетке өткізгенде түргындардың осындай қамқор жанды тәрбиелеп өсірген ата-анаға алғысын жаудырғанының куәсімін...

Мұқтаж жандардың жанынан табылып, қолынан келгенше көмегін аямаған Қайрат Шерәліұлы облыстағы әлеуметтік қолдаудағы және қайырымдылық пен демеушілік істердегі елеулі үлесі үшін ОҚО әкімдігінің «Қамқор» сыйлығымен, мәдени және гуманитарлық саладағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін ҚР Президентінің Құрмет Дипломымен марапатталып, мемлекеттік наградалар "Парасат" орденін, Тәуелсіздік күніне орай, III дәрежелі "Барыс" ордендерін кеудесіне таққанда «Награда иесін тапты»- деп қуангандардың бірі болдым.



Көп ұзамай Қайрат Шерәліұлына Білім министрінің шешімімен «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағы берілді.

Иә, біз әріптес болдық. Ол 2007 жылдан 2011 жылға дейін Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының төртінші шақырылымдағы депутаты болып, Созақ ауданынан сайланды. Халық қалаулысы ретінде халықты мазалаған мәселелер төңірегінде тынбай еңбек етіп, оның шешімін табуға атсалысты...

Қайрат Беркінбаев 2009 жылы Алматы қаласынан 17 шақырым жерде орналасқан Талғар ауданындағы «Табаған» тау-шаңғы курортында бір топ оңтүстікқазақстандық журналистердің демалуына және 2011 жылғы 30 қаңтар мен 7 ақпан күндері аралығында VII Қысқы Азия Ойындары «Табаған» тау-шаңғы курортында дүркіреп өтуіне демеушілік жасаған еді. 2011 жылдан бастап ҚР Президенті Іс басқармасы жүйесінде қызмет атқарды.

2004 жылдан бастап «Казнефтехим» АҚ Бас директорының орынбасары, өмірінің соңына дейін Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығының «Оқжетпес» ЕСК» АҚ президенті болды.

Қайрат Шерәліұлы елімізде шипажай-курорт ісінің дамуына сүбелі үлес қосып, өзін дарынды, ұйымдастырушылық қабілеті зор азамат ретінде танытты.

Қайрат Шерәліұлының адамгершілік, ізгілік, қайырымдылық қасиеттерінен туындаған игі істері, азаматтық жарқын бейнесі ел есінде мәңгі сақталады. Ол- ел қамын ойлаған асыл азамат еді.

Қайрат Шерәліұлы Беркінбаевтың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамын.

**Дулат ӘБІШ,**
*Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, Қазақстан Журналистика академиясының академигі.*

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы «Оқжетпес» емдеу-сауықтыру кешенінің президенті
**Қайрат Шерәліұлы БЕРКІНБАЕВТЫҢ**
қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

---

**Отбасын, ана болуды, әке болуды және балалық шақты мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабында және 27-бабында бекітілген, бұл адам құқықтары жөніндегі халықаралық-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келеді. Отбасы қоғамның табиғи және негізгі бөлігі болып табылады және қоғам мен мемлекет тарапынан қорғалуға құқылы, ал ана мен сәби ерекше қамқорлық пен көмек алуға құқылы.**

# «ОТБАСЫЛЫҚ ДАУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ»

Қазақстан Республикасы ұлттық жағдайларға сүйене отырып және өз мүмкіндіктері шегінде ата-аналарға және балаларды тәрбиелеп отырған басқа да адамдарға осы құқықты жүзеге асыруда көмек көрсету бойынша қажетті шараларды қабылдайды және қажет болған жағдайда отбасы мен балаларға қатысты бағдарламаларды қолдайды және материалдық көмек көрсетеді.

Ювеналды соттар қолданысқа енгізілгеннен бері өткен 11 жыл ішінде бізде көптеген тәжірибелер, пайымдауды қажет ететін идеялар жинақталды. Қазақстан Республикасының бүгінгі сот жүйесі қазіргі кезде болып жатқан барлық үрдістерге тез ден қояды. Енді дауды заңды түрде сауатты шешумен және заңды шешім қабылдаумен тоқталу жеткіліксіз. Қазіргі кездегі проблемалар бізге, әсіресе, отбасылық дауларды шешуде басқаша көзқарас қажет екенін көрсетеді, өйткені отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас өте алуан түрлі және әр сипатта болады және кейде құқықтық ықпалға көне бермейді.

Отбасы — бұл табиғи-биологиялық, психологиялық, рухани, материалдық және басқа байланыстардың күрделі кешені. Сондықтан оларға кейбір сәттерде құқықтық реттеу мүмкін болмайды. Атап айтқанда, ерлі-зайыптылардың және басқа отбасы мүшелерінің рухани және психологиялық байланыстарын, сондай-ақ өзара сезімдерін (махаббат, құрмет және т.б.) реттеу құқығы жоқ. Сонымен қатар, көптеген отбасылық байланыстарға моральдық идеялар мен моральдық нормалар әсер ете алады. Дегенмен отбасы заңнамасының ықпал ету аясынан тыс қалатын отбасы мүшелері арасындағы қатынастар жеткілікті, олардың бәрін мәніне қарай заңмен реттеу мүмкін емес.

Мұндай жағдайларға, көбінесе, сот практикасында медиация институты көмекке келеді, өйткені медиация азаматтық дауларды да, қылмыстық сот төрелігін де шешудің ең тиімді түрі болып табылады. Медиацияның мәнімынада: екі қақтығысушы тарап кәсіби медиатордың көмегімен ұзақ сот талқылауларына жүгінбей-ақ, келісімге келе алады. Медиацияның негізгі міндеті — жанжалдағы дұрысы мен кінәлісін анықтау емес, тараптарды консенсусқа келтіру және жанжалды басу.

Бір-біріне қатысты ерлі-зайыптылар болуды тоқтату, бірлесіп жинаған мүліктерін бөлісу әрекеттері іске асқанымен, тараптар ортақ балаларының атаанасы болуын тоқтатпайды. Балалар оларды мәңгілікке отбасылық және шығу тегімен байланыстырады. Ата-аналардың құқықтық қатынастарынан туындайтын даулар, егер бастапқы кезде тараптар арасында тиімді шешілмеген болса, онда олардың шешілуі көптеген жылдарға созылады.

Ювеналды сотта 11 жылдан астам уақыт жұмыс істей отырып, менің тәжірибемде некені бұзып, алимент өндіріп алғаннан кейін ғана баламен қарым-қатынас жасау тәртібі немесе баланың тұрғылықты жерін анықтау туралы талап-арыз берілетінін байқадым. Содан кейін егер осы кезеңде тараптар қанағаттанбаса, олардың арасындағы жанжал жеке айыптау істеріне ауысады (қорлау, жала жабу немесе жеңіл дене жарақатын жасағаны үшін кез келген тарапқа әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғады). Бұдан кейін шамамен 5-6 жылдан кейін ата-ана құқықтарынан айыру туралы талап немесе Республикадан тыс жерлерге шығуға рұқсат беру туралы талап қойылады. Мысалы, 2022 жылдың тоғыз айында Шымкент қаласының ювеналды соты балаларды тәрбиелеуге байланысты 322 талап-арызды (бұл балалардың тұрғылықты жерін анықтау туралы талап-арыздар, қарым-қатынас тәртібі және ата-ана құқығынан айыру (шектеу)), 2021 жылы 281 — ұқсас талап-арызды қарады. Көріп отырғанымыздай, бұл даулар азаймайды, керісінше көбейеді.



Осылайша, отбасылық сот екі элементті қамтуы мүмкін: бұл әділетті төреліктің өзі және тәрбиелік пен ағартушылық сипаттағы элементтер, соның арқасында заңмен қамтылмайтын мәселелер (даулар) шешіледі.

Басқаша айтқанда, сот талқылауы ресми, үстірт болмайды. Сондай—ақ, біз дауды шешуде мақсат қоюымыз керек — бұл тек отбасын сақтау ғана емес. Отбасылық соттардың мақсаты кеңірек болуы керек, бұл дауды дұрыс шешіп қана қоймай, дауға қатысушылардың неке бұзылғаннан кейін де сабырлы диалогына жол ашу қажет.

Өкінішке орай, кей адамдар балаларына және басқа отбасы мүшелеріне реніш, кек, жеккөрушілік, ашкөздік, жауапсыздық танытуға бейім. Бұл жағдайда принципті ұстанымды сақтау керек және ата-аналарға алимент төлеуден жалтаруға жол бермеу керек, ата-ананың өзара реніші байланысты кәмелетке толмаған баланың мүдделерінің тапталуына жол бермеу керек.

Іс жүзінде, көбінесе, бұрынғы ерлі-зайыптылар арасындағы қақтығыс біртіндеп, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасқа өтіп, кесірін тигізеді. Некеге тұру және ажырасу кезеңінде екі ұғымды — ерлі-зайыптылар мен ата-аналар дегенді нақты ажырату өте маңызды. Мен әрқашан өз тараптарыма айтамын, «Сіз күйеу мен әйел ретінде ажырастыңыз, бірақ сіздер ата-ана ретінде ажырай алмайсыздар, балалар сіздерді ғасырлар бойы байланыстырады».

Сондай-ақ, мен отбасылық соттардың кадрлық құрамына тоқталғым келеді, себебі, бұл - республикадағы отбасылық соттардың тиімді жұмыс істей алуына тікелей әсер етеді. Менің ойымша, бұл сотта жұмыс істегісі келетін, ізденуші, шығармашыл және өзін ұдайы кәсіби тұрғыдан жетілдіруші судьялар қызмет етуі тиіс. Отбасылық соттар судьяларының саны жеткілікті және жүктемесі тиімді болуы қажет, сондай-ақ бұл — «Отбасылық соттар» құру жөніндегі жоба сәттілігінің кепілі.

**Д.САЙХАНОВ,**
*Шымкент қаласы Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот төрағасы.*

# ӨКПЕНІҢ СОЗЫЛМАЛЫ ОБСТРУКТИВТІ АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ (   СОА)

